мемлекеттік мекемесі

11.05.22 №17-12-04-1/460

**«Ертөстік» бөбекжай-**
**балабақшасы» жауапкершілігі**
**шектеулі серіктестігіне**

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті *(бұдан әрі-Департамент)* «Ертөстік» бөбекжай- балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 2022 жылғы 03-11 мамыр аралығында жүргізілген мемлекеттік қайта аттестаттау қорытындысын жолдайды.

*Қосымша тіркелді: 5 бетте.*

**Департамент басшысының м.а.** **Ж.Мухамбеталина**

*А.Кемешов*
*Тел: 41-44-32*

Ренгалин • реклама 18+
Жөтелге қарсы құрал іздеп жүрсіз бе? Ренгалинді таңдаңыз!
Перейти

001877

**«Ертөстік» бөбекжай- балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің нәтижелері туралы**
(білім беру ұйымының атауы)

**Ақтөбе қаласы** «11» мамыр 2022жыл,
(қорытынды жасалған жер) 11 сағат 00 минут

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары, *ҚР Білім және ғылым министрінің 26.07.2021 № 366 бұйрықпен өзгерістер болған*), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2021 жылғы 10 қарашада бекітілген мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2022 жылғы 22 ақпан – 25 ақпан аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ертөстік» бөбекжай - балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік аттестаттау жүргізілді. Нәтижесінде бұзушылықтар анықталып 04.03.2022 жылғы №53 н/қ бұйрықпен кемшіліктерді жою туралы қорытынды берілген. 2022 жылғы 03 – 11 мамыр аралығында «Ертөстік» бөбекжай- балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша берілген қорытындыдағы бұзушылықтарды жою туралы 29.04.2022 жылғы №35 хатпен ұсынған есебі келесі құрамдағы комиссиясымен қаралды:

1.Кемешов Аскар Жайлыбаевич – Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің басшысы;

2.Ормағамбетова Шолпан Бимырзақызы - Ақтөбе қаласының білім бөлімінің №20 «Дидар» балабақшасының әдіскері, комиссия мүшесі;

3.Нағыметова Гүлмира Әлібекқызы - Ақтөбе қаласының білім бөлімінің №16 «Аққайың» балабақшасының әдіскері, комиссия мүшесі;

4.Базарбаева Зинаида Игоревна - "№24 "Аққу" бөбекжай-балабақшасы" МКҚК әдіскері, комиссия мүшесі;

5.Колганатова Нурзия Амангельдықызы - Ақтөбе қаласы білім бөлімінің әдістемелік кабинеттің бөлім меңгерушісі, комиссия мүшесі;

Комиссиямен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

| | |
|---|---|
| **2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:** | |
| 2) | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу |

| | |
|---|---|
| | **бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, оның ішінде:**<br>**Талдау нәтижелері:** Аталған өлшемшарттар бойынша 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылындағы перспективалық жоспарға сәйкес циклограммалары ұсынылған. Ұсынылған материалдар негізінде шығармашылықты, коммуникабельділікті, сыни ойлауды және командада өзара іс-қимыл жасау іскерлігін дамытуға бағытталған әлеуметтік-жеке қасиеттерді қалыптастыру бағытында 4 К моделіндегі дағдылары ойын тапсырмаларында педагогтың жетекшілігімен креативтілікті, коммуникативтілікті және командамен жұмыс істей білуі қарастырылған және циклограммаға енгізілген, толықтырулар жасалып, кемшіліктер жойылғаны анықталды. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:**<br>1)Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (*ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған*) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымша, 2 - тарауының 5-тармағы, 7)-тармақшасы талабына сәйкес келеді<br>2) «2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат «Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру» бөлімінің талабына сәйкес келеді. |
| | **МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз ететін "мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы.**<br>**Талдау нәтижелері:** Алғашқы аттестация тексеріс кезінде аталған педагогтардың тиісті биіні бойыншы біліктілігі сәйкес келмейтін 2 педагог анықталған. Осы кемшіліктерді жою барысында 1.Қалмағанбетова Амина Бекдосқызы бала күтіміне байланысты декреттік демалысына шығарылғандығы (бұйрық №4 21.01.2022ж.) анықталды және осы педагогтың орнына Абиева С. Т (бұйрық №8 13.04.2022ж) «Ж. М. Рауан көпсалалы колледжі» мамандығы бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі бойынша жұмысқа қабылданған. 2.Қалжанова (Нұржанова) Мақсат Достанқызы өз өтініші негізінде (бұйрық №7 13.04.2022ж) жұмыстан босатылып, орнына Сапарова А. Ә. Бәйшев атындағы Ақтөбе университетінің мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі мамандығы бар педагог (бұйрық №5 26.01.2022ж) қабылданған. Кемшіліктер жойылған. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік |

| | |
|---|---|
| | сипаттамаларын бекіту туралы» N 338 Бұйрығымен (*ҚР Білім және ғылым министрінің 30.04.2020 № 169 бұйрығымен өзгерістер болған*) бекітілген 1-қосымша 2-тарау, 4-параграф 19-тармағының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 595 бұйрығына (*ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.12.2021 № 614 бұйрығымен өзгерістер болған*) 1-қосымша, 2-тарау, 22-тармағының талабына сәйкес келеді. |
| 5 | **Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау**<br>**Талдау нәтижелері**: Алғашқы аттестация тексеріс кезінде – балабақшада инклюзивті білім беру қажет ететін тәрбиеленушілері жоқ екенін анықтайтын құжаттардың болмағандығынан кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік болмаған. Аталған кемшіліктертерді жою мақсатында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жоқтығын анықтайтын анықтама құжаттары ұсынылған. Аталған кемшілік жойылды. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған) 1 қосымшасы 2 тарауының 6 тармағына** сәйкес келеді. |
| 6) | **Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы.**<br>Талдау нәтижелері: 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылындағы аталған өлшемшарттар бойынша зерделеуге ұсынылған материалдар талдауы өткен төрт оқу жылында баланың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес және оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін білім, білік дағдылары қарастырылған. Кемшіліктер жойылды. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының (*ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған*) 1 қосымшасының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2- тараудың 7-тармағы және 4-тарауының 16 және 17 тармақтарына сәйкес келеді. |

| | |
|---|---|
| 7) | **"Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыру арқылы интеграциялау жолымен іске асыру.**<br>**Талдау нәтижелері:**<br>Зерделеу кезінде 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021оқу жылындағы циклограммары ұсынылып перспективалық жоспардың сәйкестігі анықталды. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының (*ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған*) 1 қосымшасының 2-тарауы, 8-тармағының талабына сәйкес келеді. |
| 8) | **Тәрбиеленушілердің дамуы мониторингінің (бастапқы мониторинг) болуы.**<br>**Талдау нәтижелері:** Зерделеу кезінде 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылындағы тәрбиеленушілердің жеке даму картасында топтағы барлық балалардың бастапқы бақылаудан кейінгі денсаулық, қатынас, таным, шығармашылық, әлеумет білім беру салалары бойынша мәліметтер ұсынылған. Педагогтар диагностиканың әрбір кезеңінен кейін баланың жеке даму картасында педагогикалық үдерістің міндеттерін айқындаған. Баланың жеке даму картасында білім беру салалары, бақылаудан кейінгі түзету іс-шаралары көрсетілген. Мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарлары жасалған. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін тәриеленушілерінің жеке даму карталары ұсынылған. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының (*ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған*) 1 қосымшасының 2- тараудың 7-тармағы және 4- тарауының 16 және 17 тармақтарына сәйкес келеді. |

**3. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

| | |
|---|---|
| 1 | Ұсынылған материалдарды зерделеуде 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылына арналған күн тәртібі барлық топтардада балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған, алайда аралас топ болғандықтан жас ерекшеліктеріне сай жасақталып, аталған кемшіліктері жойылған. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары бойынша топтардың перспективтік оқу жоспарларындағы оқу жүктемесінің көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті |

| | |
|---|---|
| | стандарты» 3 – тараудың 15-тармағының (*ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған*) талабына сәйкес келеді. |
| 2 | Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесін сақтау.<br>Талдау нәтижелері: Ұсынылған материалдарды зерттеу кезеңінде, 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары бойынша апталық оқу жүктемесі толық сақталмаған. Перспективалық жоспардағы өтпелі тақырыптар білім беру ұйымы басшысының бекіткен өтпелі тақырыптарымен сәйкес келеді. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3 – тараудың 15-тармағының (*ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған*) талабына сәйкес келеді. |
| **5. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:** | |
| 2 | **жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау**<br>**Талдау нәтижелері:**«Бәйтерек» ортаңғы аралас, «Толағай» кіші тобында балалардың дағдыларды игеруде жас ерекшелігіне байланысты жасақталған, кемшіліктер жойылған. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына (*ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған*) 1 қосымшасының 4 тараудың 17 тармақтары талаптарына сәйкес келеді. |
| **6. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар** | |
| 1) | **Жас кезеңін сақтау және топтарды бір жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау.**<br>**Талдау нәтижелері: 2017-2018,2018-2019,2019-2020,2020-2021** оқу **жылындағы аталған өлшемшарттар бойынша зерделеуге материалдары ұсынылды.** 2022 оқу жылында оқыту мерзімдері мен жас кезеңдері бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 22-тармағының талаптары орындалған. Топтың толымдылығы мен жас ерекшеліктері сақталған. |

**ҚАЙТА ҚОРЫТЫНДЫ:** «Ертөстік» бөбекжай- балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мекемесінде бұзушылықтар жойылған, білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына СӘЙКЕС КЕЛЕДІ.

**Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі:**

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары бойынша бұзушылықтың жойылғандығына орай комиссиясының 2022 жылғы 11 мамырдағы хаттамалық шешіміне сәйкес мемлекеттік аттестаттаудың қайта қорытындысы негізінде «Ертөстік» бөбекжай- балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі **«Аттестатталды».**

«11» мамыр 2022 жылғы комиссияның №56 хаттамалық шешімі

**Комиссия төрағасы** А.Ж.Кемешов

**Комиссия мүшелері** Ш. Б. Ормағамбетова
Г.Ә.Нағыметова
З.И.Базарбаева
Н.А.Колганатова